

Г.Б. Мейірбекова¹ , А.Ж. Жарболова² , А.Ж. Тусупова² 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Meirbekova67@mail.ru

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: Aygerim.Zharbolova@kaznu.kz; alma_gul_t@mail.ru

САЙЛАУДЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

ҚР Конституциясына сәйкес Қазақстан өзін демократиялық мемлекет ретінде орнықтырады, Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылады, халық мемлекеттік билікті тікелей және өз өкілдері арқылы жүзеге асырады. Сайлау – Республика халқының мемлекеттік билікті тікелей жүзеге асыруының бір нысаны, мемлекеттің демократиялық сипатын байқататын саяси жүйенің орталық элементі. Ол республикалық және жергілікті деңгейдегі барлық өкілді билік органдарының, муниципалдық органдардың, мемлекет басшысы мен біраз демократиялық мемлекеттерде жергілікті атқарушы билік басшысының қызмет етуінің негізі болып табылады. Сайлау азаматтардың мемлекеттің саяси өміріне араласуына, мемлекет істерін басқаруға қатысуына мүмкіндік беретін демократияның ең бір ықпалды нысаны ретінде танылады. Мақала сайлаудың демократиялық мемлекет өмірінде алатын орнын анықтап, рөлін ашуға арналған. Тиісті міндетті орындау үшін мақалада сайлаудың демократиялық режимдегі мемлекеттердегі маңызы ашылып, оның әрекет етуші тұтастай мемлекеттік биліктің легитимділігін қамтамасыз ету рөлі, сайлаулардың функциялары қарастырылды. Сонымен қоса, сайлау институтының мемлекеттің саяси жүйесінде өзінің тағайымына толық сай келуі үшін мақалада сайлау құқықтарының іске асуының, бұзылмауының кепілдіктері қарастырылып, оларды жетілдіру қажеттігі негізделді.

Түйін сөздер: мемлекеттік билік, демократиялық мемлекет, саяси жүйе, сайлау, халықтық сайлау, сайлау құқықтары, сайлау құқықтарының кепілдіктері, сайлаушы, үміткер, дауыс беру, абсентеизм.

G.B. Meirbekova¹, A.Zh. Zharbolova², A.Zh. Tusupova²

¹Abai Kazakh national pedagogical University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Meirbekova67@mail.ru

²al-Farabi Kazakh national University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: Aygerim.Zharbolova@kaznu.kz; alma_gul_t@mail.ru

Place and role of elections in democratic states

According to the Constitution of the Republic of Kazakhstan asserts itself as a democratic state, the people of Kazakhstan are the only source of state power, the people exercise state power directly and through their representatives. Elections are a form of direct exercise of state power by the population of the Republic, a central element of the political system that expresses the democratic character of the State. It is the basis for the functioning of all representative bodies of power at the republican and local levels, municipal bodies, the Head of State and, in some democratic states, the head of local executive power. Elections recognized as an influential form of democracy that allows citizens to participate in the political life of the state, to participate in the management of state affairs. The article is devoted to defining the place and role of elections in the life of a democratic state. For performance of the corresponding task the article reveals the meaning of elections in the states of a democratic regime, considers its role in ensuring legitimacy of the current state power as a whole, the function of elections. Besides, for full conformity of the electoral institute to its purpose in the political system of the state the article considered the guarantees of realization, protection of electoral rights and justified the necessity of their improvement.

Key words: state power, democratic state, political system, elections, popular elections, electoral rights, guarantees of electoral rights, voter, candidate, voting, absenteeism.

Г.Б. Меирбекова¹, А.Ж. Жарболова², А.Ж. Тусупова²

¹Институт истории и права, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы, e-mail: Meirbekova67@mail.ru

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: Aygerim.Zharbolova@kaznu.kz, alma_gul_t@mail.ru

Место и роль выборов в демократических государствах

Согласно Конституции РК Казахстан утверждает себя демократическим государством, народ Казахстана является единственным источником государственной власти, народ осуществляет государственную власть непосредственно и через своих представителей. Выборы являются одним из форм непосредственного осуществления государственной власти населением Республики, центральный элемент политической системы, выражающий демократический характер государства. Также, выборы признаются основой функционирования всех представительных органов власти на республиканском и местном уровнях, муниципальных органов, главы государства и в некоторых демократических государствах главы местной исполнительной власти. Выборы признаются как одна из влиятельных форм демократии, позволяющая гражданам участвовать в политической жизни государства, участвовать в управлении делами государства. Статья посвящена определению места и роли выборов в жизни демократического государства. Для выполнения соответствующей задачи в статье раскрывается значение выборов в государствах демократического режима, рассмотрены ее роль в обеспечении легитимности действующей государственной власти в целом, а также функции выборов. Кроме того, для полного соответствия избирательного института своему предназначению в политической системе государства в статье были рассмотрены гарантии реализации, защиты избирательных прав и обоснована необходимость их совершенствования.

Ключевые слова: государственная власть, демократическое государство, политическая система, выборы, народные выборы, избирательные права, гарантии избирательных прав, избиратель, кандидат, голосование, абсентеизм.

Кіріспе

Бүгінде әлем елдерінің Ата заңында және бірқатар халықаралық-құқықтық құжаттарда мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы ретінде халықтың мәртебесін бекітетін ереже маңызды орын алады. Халықтың мұндай мәртебесі мемлекеттің демократиялығын анықтайды әрі өзінің тамырын тереңнен алады.

Демократиялық мемлекет – бұл құрылымы мен қызметі халықтың еркіне сәйкес келетін мемлекет. Демократия халықтың еркіне негізделетіндіктен, демократиялық режимдегі мемлекеттерде биліктің қайнар көзі халық болып табылады. Тиісінше, демократия, ең алдымен бүкіл биліктің халыққа тиесілі болып табылатындығын, сондай-ақ халықтың осы билікті өзінің егемен ерік-жігері мен мүдделеріне сәйкес еркін жүзеге асыруын білдіреді. Демократизм халық егемендігінен, биліктің бөлінуінен, идеологиялық және саяси әралуандықтан, жергілікті өзін-өзі басқаруды мойындаудан көрінеді. Мемлекеттің демократиялығының бір көрінісі лауазымды адамдардың ауыспалығы мен сайланбалығы болып табылады.

«Шынайы» демократия жағдайында халық – мемлекеттік биліктің егемен қайнар көзі, билік субъектісі болып табылады. Егемендіктің

иесі ретінде халық өзіне тиесілі билікті тікелей өзі жүзеге асырады және оны жүзеге асыруды белгілі бір тұлғаға, тұлғаларға береді. Халықтың өзіне тиесілі билікті жүзеге асыруға құқық беруі сайлаулар арқылы халықтың көпшілігінің еркімен жүзеге асырылады, халықтың еркіне сәйкес рәсімделеді. Тиісінше, халықтан мемлекеттік билікті жүзеге асыруға құқық алған тұлға (тұлғалар) тиісті құқықты халықтың атынан жүзеге асырады.

1995 жылғы Конституцияда Қазақстан Республикасы өзін демократиялық мемлекет ретінде анықтай отырып, Республика халқының мемлекеттік биліктің иесі болып табылатындығын, әрі халықтың мемлекеттік билікті жүзеге асыруға, мемлекет істерін басқаруға қатысуына байланысты оған біраз егемен құқықтар бекітіп берді. Олардың ішінде ең бір ықпалдысы – Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға құқықтары болып табылады. Еркін сайлаулар – халықтың билік институттарын құруының амалы, жолы.

Негізгі бөлім

Сайлау – демократияның басты элементі, орталық институты. Ол мемлекеттің демокра-

тиялық сипатын байқататын негізгі элемент болып табылады. Сайлау халықтың мемлекеттің саяси өміріне араласуының, мемлекет істерін басқаруға қатысуының ең бір ықпалды нысанына жатады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес халық мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылады. Мемлекеттік билік субъектілері билікті халықтық сайлаудың нәтижесінде, ашып айтсақ, халықтың оларды (олардың бағдарламасын) құптауы, олармен келісуі негізінде иеленеді. Тиісінше, демократиялық режимдегі мемлекеттерде сайлау – халықтың мемлекеттік билікті құптауын, олардың бағдарламаларымен келісуін байқату нысаны болып, ал өкіметтің басқару билігіне ие болуының басты тетігі болып табылады. Демек, сайлау мемлекеттік саяси биліктің легитимділігінің маңызды құралы, мемлекеттік саяси билікті заңдастырудың ең ықпалды тетігі.

Сайлау – бұқаралық шара. Бұл бұқаралық шара сайланбалы мемлекеттік субъектілердің өктем функцияларды халықтың оларға өкілеттік беруі нәтижесінде иеленетінін анықтайды. Ол Қазақстанда азаматтардың мемлекет басшысын, мемлекеттің заң шығарушы, өкілді және өзін-өзі басқару органдарын, кейбір елдерде оған қоса сот және атқару органдарын құру нысаны болып табылады. Табиғаты бойынша сайлаулар мемлекеттік басқару, билік субъектілерін құру үшін қолданылады. Азаматтар сайлауларға қатысу арқылы халықтың, яғни өздерінің атынан кімнің мемлекетті басқарып, кімдердің мемлекеттік істерді шешетінін анықтау құқығын жүзеге асырады. Бұл – сайлаудың шынайы демократиялық режимдегі мемлекеттердегі сипаты. Авторитарлық режимдегі мемлекеттерде сайлаулардың қызметі – белгілі бір субъектілердің алдын ала жасаған таңдауына заңдылық сипат беру болып табылады деп айтуға болады.

Сайлаудың шынайы демократиялық, құқықтық мемлекеттерде алатын орны зор. Мұндай мемлекеттерде сайлау, сайлау процесі жалпы алғанда тек сайланбалы, өкілді биліктің ғана емес, әрекет етуші тұтастай мемлекеттік биліктің легитимділігін (заңдылығын) қамтамасыз етеді деп есептеледі. Оны мемлекеттік басқарушы биліктің құрылуы тәртібімен негіздеуге болады. Қазақстанда Республика Президентінің, заң шығарушы өкілді биліктің бірбуыны – Мәжілістің республикалық жалпыға бірдей сайлауларда тікелей, ал Сенаттың жанама түрде Республика азаматтарымен сайланатындығы белгілі.

Атқарушы билік пен сот билігі тармақтары азаматтардың тікелей ерік білдіруі арқылы құрылмағанымен, олар биліктік өкілеттікті халық өкілдері болып табылатын тұлғалардан – тікелей сайлауларда сайланатын мемлекет басшысы мен Парламенттен алады. Оған қоса, Парламент заң шығару қызметін жүзеге асыра отырып оларға заң тұрғыда биліктік өкілеттіктер береді. Демек, халық өкілдерінен тұратын Парламент олардың құрылуы мен қызметіне тікелей де жанама да қатысады. Олай болса, сайлау жалпы биліктің легитимділігінің негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы алғаш рет бара-бар өкілдік сайлау жүйесін енгізе отырып, саяси партиялардың мемлекеттің саяси өміріне араласуына алғышарттар құрып берді. Бүгінде саяси партияларға Президентті, Мәжіліс депутаттары мен мәслихат депутаттарын сайлауда басымдық берілген. Ашып айтсақ, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» заңның 55, 87, 103 баптарына сәйкес Президенттікке кандидаттарды ұсыну құқығының бір ғана жолы бекітілген, яғни Президенттікке кандидаттар ұсыну белгіленген тәртіппен тіркелген республикалық қоғамдық бірлестіктерге ғана тиесілі, ал партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттығына және мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну құқығы – белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияларға тән (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464>). Саяси партиялардың биліктің жоғары эшелонын сайлауға қатысуы бүгінгі күнде Қазақстанда ғана емес бірқатар елдерде реттелген. Жалпы, саяси партиялардың мемлекеттің саяси жүйесінің қалыптасуына теңдей қатысуына мүмкіндік беретін сайлаулар партиялардың өз мақсаттары үшін күресуіне заңи мүмкіндіктер беретін, сол арқылы мемлекетте саяси алуандылықтың белсенді дамуына, басқаша айтқанда, партиялар санының кемуіне емес артуына оң әсер ететін, әрі саяси партиялар арасында шынайы бәсекелестіктің қалыптасуына ықпал жасайтын күшті тетік болып есептеледі. Ал, саяси партиялардың билік органдарын құруға қатысуы мемлекеттер үшін тиімді болып табылады. Алайда, мемлекеттің саяси жүйесін құруда партияларға жоғары басымдық беруді толықтай құптай алмаймыз. Атап кеткеніміздей, Қазақстанда сайланбалы лауазымдарға сайлауда (кандидаттар ұсынуда) саяси партияларға басымдық берілген. ҚР Президентін сайлауда президенттікке кандидат ұсыну құқығы тек республикалық қоғамдық бірлестіктерге ғана,

мәслихат депутаттарын сайлауда тек партияларға ғана тиесілі. Мәжілістің 107 депутатының 98-ін сайлауда да тиісті құқықты тек саяси партиялар ғана иеленеді. Кандидаттар ұсынудың мұндай тәртібі азаматтардың бәсең сайлау құқығын және сайлаушылардың тиісті лауазымдарға қатысты таңдау еркіндігін шектейді деп айтуға болады. Себебі, мысалы Президентті сайлауда сайлаушылар үміткерді бәсекелес партиялар (қоғамдық бірлестіктер) ұсынған кандидаттар арасынан ғана таңдайды. Ал, Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлауда сайлаушылар партиялар бекіткен кандидаттарды тіптен таңдай да алмайды, олар тек бюллетеньдегі партиялардың біріне ғана қатысты таңдау жасайды. Ал, ұтып алған орнына қарай кімнің Мәжіліске, мәслихатқа баратындығын сайлаушылар емес саяси партиялар таңдайды. Осыған байланысты, саясаттану ғылымында «сайлаулар мемлекеттің саяси процестеріне шешуші әсер етпейтін өзіндік бір саяси рәсім болып табылады. Ол азаматтардың саяси шешімдер қабылдауға қатыстылығының тек көрінісін ғана байқатады. Мұндай түсінік сайланбалы лауазымдарға кандидаттар ұсыну негізінен саяси партиялардың прерогативі болып табылатынына негізделеді» деген тұжырымдарды кездестіруге болады (Бобкова 2003: 118-120). Тағы да бір айта кететіні, саяси партиялардың сайлауларға қатысуы барлық жағдайда мемлекеттің демократиялығын бекемдей бермейді. Ол мемлекетте саяси партияларға берілетін орынға, саяси алуандылық жағдайына байланысты. Нақты айтсақ, бір партиялық жүйедегі мемлекеттерде немесе бір партияға ғана басымдық берілетін мемлекеттерде халықтың билікке әсер ету деңгейі, яғни демократия деңгейі шамалы деп айтуға болады. Себебі, билік үшін күресте саяси партиялар арасында бәсекелестіктің болмауы халықтың белгілі бір лауазымға сайлауда таңдау еркін шектейді. Тиісінше мұндай жүйедегі елдерде билікке халықтың шынайы қалауына сәйкес жаңа саяси күштер келмейді. Демек, барлық елде сайлаудың мемлекеттің саяси өміріндегі рөлі бірдей емес.

Әділ де шынайы сайлаулар халықтың мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылатындығын бекітетін конституциялық нормаға формальдық емес, шынайылық сипат береді. Басқаша айтқанда, әділ, демократиялық сайлаулар халықтың мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылатындығын бекітетін Республика Конституциясының 3 бабының (1 т.) нормаларының қолданылу деңгейін, өміршендігін көрсетеді. Таза демокра-

тиялық режимдегі мемлекеттерде азаматтар сайлауларға қатыса отырып тікелей және өздері сайлаған тұлғалар арқылы мемлекеттік билікке шынайы араласады. Мұндай сайлаулар халықтың билікке, мемлекет істерін шешуге араласу ауқымының өсуіне үлкен ықпал етеді. Себебі, әділ, демократиялық сайлаулар саяси қатынас субъектілері ретінде азаматтардың, саяси партиялардың билік үшін күресу технологиясын (саяси күрес технологиясын) жақсы түсінуіне, оны тиімді жүргізуіне мүмкіндік береді. Сайлаудың мұндай қасиеті сайлаулар барысында абсентеизмнің болмауына, яғни халықтың сайлауларға кеңінен қатысуына оң ықпал етеді әрі азаматтардың еріктерінің дауыс беру нәтижелеріне шынайы түрде әсер етуіне мүмкіндік тудырады, оған қоса сайланбалы өкілді органдарда қоғамның түрлі топтарының өкілдігінің бара-бар болуын қамтамасыз етеді. Демек, шынайы халықтық сайлаулар мемлекеттің демократиялығының мәнін ашады. Тиісінше, азаматтар сайлау құқықтарын жүзеге асыра отырып мемлекеттің демократиялық институттарын қалыптастырады.

Әділ де шынайы сайлаудың маңызды бір тұсы – сайлау әділдігі демократияға деген сенімді нығайтады. Сайлаудың әділдігі – демократиялық басқарудың басты шарты болып табылатын әлеуметтік бейбітшілік пен саяси тұрақтылық контекстінде электоралды қақтығыстарды шешуге мүмкіндік беретін құрал. Ол, сондай-ақ сайлау процесінің заңдылығын қамтамасыз ететін саяси құқықтар мен идеологиялық плюрализмді қорғау үшін қоғамның ең жақсы кепілдігі (Hernán 2006: 6).

Сайлау демократияның басқа институттарына қарағанда неғұрлым маңызды, мемлекеттік және қоғамдық өмірде кең тараған, жиі кездесетін бұқаралық шара болып табылады. Ол мемлекет басшысынан бастап, бірқатар институттар мен деңгейлерге таралады. Атап айтсақ, республикалық және жергілікті деңгейдегі барлық өкілді билік органдарының, муниципалдық органдардың, мемлекет басшысы мен біраз демократиялық мемлекеттерде жергілікті атқарушы билік басшысының қызмет етуінің негізі – сайлау болып табылады. Сайлау ауқымы тек мемлекеттік билікпен ғана шектелмейді, ол бірқатар мемлекеттік емес қоғамдық институттардың да заңдылығының тетігі болып саналады. Оған мысал ретінде саяси партиялардағы, кәсіптік одақтардағы, қоғамдық ұйымдардағы, акционерлік қоғамдардағы және өзге де көптеген еркін қауымдастықтардағы

сайлауларды алуға болады. Сайлаулардың мұндай қасиетінің, яғни қолданылу ауқымы мен аясының кеңдігінің оң жағын айтпай кетпеске болмайды. Сайлаулардың көп түрлігі өз кезегінде азаматтарға саяси белсенділік таныту үшін, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы ретінде мемлекеттік өмірге араласуы үшін және қоғамдық істерге ықпал етуі үшін кең мүмкіндіктер ашады.

Шынайы демократиялық мемлекеттерде сайлаулардың келесі бір маңызды тұсы – олар мемлекеттік биліктің құрылуының, яғни қызмет етуінің негізі бола отырып, оның қызметінің нәтижелігіне де әсер етеді. Ашып айтсақ, мұндай мемлекеттерде халықтың қолдауы негізінде басқару, билік жүргізу өкілеттігіне ие болған тұлғалар сайланып алғаннан кейін өздерінің қызметін халықтың мүддесіне сай жүргізбесе, яғни өз қызметтерін атқаруда халықтың, сайлаушылардың мүддесін ескеріп, оны білдірмесе, халық оларды алдағы сайлауда басқа субъектілермен ауыстыруы мүмкін. Демек, әділ де демократиялық сайлаулар халықтың әрекет етудегі өкіметті оппозициялық топтармен ауыстыруына мүмкіндік береді. Тиісінше, мұндай жағдайда мемлекеттік істерге басқару жүргізу құқығы қызмет етіп жатқан белгілі бір тұлғадан (тұлғалардан) халық неғұрлым лайық деп санайтын, яғни сайлаушылардың қолдауына ие болған өзге субъектілерге өтуі әбден мүмкін. Сондықтан, алдағы уақытта биліктік өкілеттіктен айырылып қалмауы үшін шынайы демократиялық мемлекетте мұндай сайланбалы тұлғалар өзінің ұстанып отырған бағытын халық қалауына қарай өзгертуге тырысады. Олай болса, сайлаулар шынайы демократиялық мемлекетте ерекше маңызды орын алады. Мұндай мемлекетте сайлаулар негізінен мемлекеттік биліктің қызметінің нәтижелігіне, мемлекетте жүргізіліп жатқан іргелі реформалардың тиімділігіне жанама түрде әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Оны мына бір ғылыми пікірден көруге болады «... егер болашақта қажетсіз немесе сапасыз заңнама қабылданса, егер биліктің сайланбалы лауазымды тұлғалары қабілетсіз немесе тиімсіз болса немесе өкімет кең таралған сыбайлас жемқорлықтан зардап шексе, онда мұндай қайғылы нәтижелер сайлаушылардың мемлекеттік өкілеттікті нақты сайланбалы тұлғаға сеніп тапсыруына қатысты шешімінің салдары болып табылады» (Blackwell 2009: 107).

Қоғамның саяси жүйесінде сайлау бірқатар маңызды әлеуметтік-саяси функцияларды атқарады. Олардың арасында саясаттанушылар

негізінен сайлаудың келесідей функцияларын бөліп көрсетеді. Біріншіден, сайлау – жекелеген азаматтар мен әлеуметтік топтарға ... өз талаптарын тұжырымдауына мүмкіндік беретін, ал сайлау алдындағы науқан барысында тиісті сұрауларына (талаптарына) ұстанымдары мен көзқарастары сәйкес келетін саяси көшбасшылардың іс-әрекеттеріне қолдау көрсетуін қамтамасыз ететін саяси институт болып табылады. Тиісті мағынада демократиялық мемлекеттерде сайлаулар билік рөліне үміткерлердің өз бағдарламаларын, тұғырнамаларын, уәделерін сайлаушылар оларға беретін өкілеттіктерге алмастыруы жүретін ерекше саяси нарық түрін қабылдайды. Екіншіден, сайлау саяси жанжалдарды шешу тетіктерінің бірі болып табылады. Үшіншіден, сайлау саяси режимді легитимациялаудың (заңдастырудың) сенімді құралы болып табылады, өйткені ол (сайлау) халықты сайлау бірлестіктеріне, жекелеген саяси партияларға және өзге де қоғамдық-саяси ұйымдарға тартуға, ұйымдастыруға ықпал етеді, сондай-ақ сайлаулар сайлаушылармен қарым-қатынас және өзара іс-қимыл жасаудың әртүрлі арналарының қалай қалыптасып, әрекет етуіне қарай сайланған көшбасшылар мен билік институттарын тану мен қолдаудың демократиялық негізі ретінде болады.

Азаматтардың сайлау құқықтарын іске асыру үшін, сайлау алдындағы ұйымдарды құрып, үгіт және насихат жүргізу үшін БАҚ-ты, сондай-ақ партиялық бағдарламалар мен платформаларды кеңінен қолдану белгілі бір дәрежеде бұқара көпшілікті саяси ағартуға тікелей немесе жанама ықпал етумен қоса, сондай-ақ азаматтар мен олардың бірлестіктерін саяси процеске белсенді тарту үшін жағдай жасайды. Демек, сайлау функцияларына халықтың саяси әлеуметтенуін да жатқызуға болады (<https://all-politologija.ru/knigi/politologiya-uchebnoe-posobie/vybery-kak-politicheskij-institut>).

Біз жоғарыда сайлаудың мәнін ашып, функцияларын көрсету арқылы демократиялық мемлекетте оның өте маңызды, құнды институт болып табылатындығын негіздедік. Айта кететіні, сайлау мемлекеттің, қоғамның дамуы үшін қанша маңызды болса да бүгінде сайлау құқықтарын бұзу фактілері жиі кездеседі. Тіптен дамыған демократия жағдайындағы мемлекеттердің өзінде де сайлау құқықтарының бұзылуы кең таралған құбылыс болып табылады. Жалпы, азаматтардың сайлау құқықтарын бұзатын әрекеттер, «сайлауларда бюллетеньдерді шығарып тастау және сайлаушыларды қорқыту сияқты кең таралған құқықбұзушылықтар азаматтардың өздері

құратын институттардың өкілдік сипатына деген сенімін әлсіретеді» (Margie 1995: 483).

Демократиялық, дамыған мемлекеттердің бірі АҚШ-тың өзінде сайлау институтының бұзылуы, бұрмалануы салдарынан оның шынайы мәнінен айырылғанын кезінде Алексис де Токвиль көрсетіп кеткен болатын: «қазіргі Америка үшін танымал, атақты адамдарды мемлекеттік посттарға сирек тарту – әдетті құбылыс. Және мұның демократияның дамуына, даму деңгейіне қарай орын алғанын мойындау керек. Соңғы жарты ғасыр ішінде америкалық мемлекет қайраткерлерінің айтарлықтай ұсақталып кеткені анық» (Токвиль 1992: 148). Демек, сайлау мемлекеттің демократиялығының негізгі бір көрінісі болып саналғанымен оның құқықтық реттелуі мемлекеттің таза демократиялық деп анықталуының жалғыз өлшемі болып табылмайды. Тиісінше, азаматтардың республикалық және жергілікті билік органдарын (сайланбалы органдарды) құруға деген құқықтарының конституциялық-құқықтық тұрғыда танылып, бекітілуі олардың практикада жүзеге асуының бірден-бір алғышарты болып табылмайды. Сайлау құқықтары іске асырылмаған немесе іске асырылған күнде де бұзылған жағдайда олар мағынасыз болып табылады. Реті келгенде И.Л. Буравченконың келесі көзқарасына тоқталғанды жөн санап отырмыз: «сайлаушының құқықтық мәртебесінің негізін, сөзсіз, оның субъективтік құқықтары мен заңи міндеттері құрайды. Алайда, олардың жүзеге асырылуы үшін кепілдіктер жасамай құқықтар мен міндеттерді нормативтік бекіту оларды декларацияға айналдырады» (Буравченко 2010: 17). Олай болса, сайлаудың заңдылығы мен шынайылығының, сайлау құқықтарының іске асырылуының кепілдіктері жасалмай олардың тек құқықтық реттелуі мемлекеттің демократиялығын анықтамайды және билікке халықтың еркіне сәйкес лайықты және жауапты тұлғалардың, көшбасшылардың келуін мүмкін етпейді.

Расында да кез келген өзге құқықтар секілді сайлау құқығы да шынайы өмірде танылып, іске асырылған ретте ғана өзін құндылық ретінде көрсетеді. Басқаша айтқанда, жалпы сайлау институты заңмен қорғалып, тиісінше заңдылық шегінде жүзеге асқан жағдайда ғана, сайлау құқықтарының іске асырылуы мен бұзылмауы үшін қажетті кепілдіктер жүйесі жасалған жағдайда ғана азаматтардың өзге құқықтарымен қатар сайлау құқығының да мемлекеттің ең қымбат қазынасы болып табылатындығы туралы, сайлаудың өзінің тағайымына толық

сай келетіні туралы айтуға болады. Сайлау құқықтарының мемлекетпен кепілдендірілуі азаматтардың сайлау құқықтарының қорғалып, еркін жүзеге асырылуына және олардың дауыс беру нәтижелерінің объективті анықталуына, тиісінше мемлекеттік биліктің легитимді болып табылуына жағдайлар жасайды.

Қай мемлекетте болмасын сайлаулар шынайы, демократиялық, әділ болуы үшін сайлауларды ұйымдастыру мен өткізу құқықтық тұрғыда бекітілген нақты бір қағидаларға негізделіп жүзеге асырылуы қажет. Олардың ішінде заңдылық, еріктілік, тең құқылық, әділдік, сайлаудың жалпыға бірдейлігі, теңдігі, демократиялығы, сайлаушылардың ерік білдіруіне ешкімнің араласпауы қағидаларын ерекше көрсетуге болады. Сайлау құқықтарының кепілдіктері осы тұрғыда да маңызды. Өйткені, олар сайлаулардың әділдігі мен шынайылығына негіз болатын сайлау құқығының қағидаларының өмірде шынайы іске асуын қамтамасыз етеді.

Жалпы, ғылымда сайлау құқықтарының кепілдіктері ретінде негізінен сайлау процесіне қатысушы тұлғалардың сайлау құқықтарын іске асыруға бағытталған, азаматтардың сайлау еркіндігін қамтамасыз ететін жағдайлар түсініледі. Кейбір елдерде сайлау құқықтарының кепілдіктеріне анықтама олардың заңнамасында беріліп, тиісінше мазмұны ашылған. Мысалы, Ресей Федерациясы мен Қырғыз Республикасында. РФ-ның «Об основных гарантиях избирательных прав и права на участие в референдуме граждан Российской Федерации» атты федералдық заңымен танысу онда сайлау құқықтарының кепілдіктерінің Қырғыз Республикасындағыдай біршама нақты емес жалпы сипатта анықталғандығын көрсетеді. Яғни, тиісті заңға сәйкес сайлау құқықтарының кепілдіктері – бұл Ресей Федерациясы азаматтарының сайлау құқықтарын іске асыруын қамтамасыз ететін РФ Конституциясымен, заңдармен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен белгіленген жағдайлар, ережелер мен рәсімдер (статья 2, 11) п.). Ал, Қырғыз Республикасының заңнамасында азаматтардың сайлау құқықтарының кепілдіктеріне анықтама беретін нормада кепілдіктердің мазмұны ашылған. Тиісті норманы ашып қарастырсақ, Қырғыз Республикасында азаматтардың сайлау құқықтарының кепілдіктері – бұл Қырғыз Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарын қамтамасыз етудің ұйымдық, құқықтық, ақпараттық және өзге де амал-әдістері (<http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/203244>). Байқап

отырғанымыздай, РФ-ның аталған заңы сайлау құқықтарының кепілдіктерін – сайлау құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ететін жағдайларды нақты анықтамайды және бастысы оларды құқықтық реттелумен шектейді. Яғни, тиісті заңның тиісті нормасына сәйкес сайлау құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ететін жағдайлардың (кепілдіктердің) құқықтық актілерде белгіленуі, құқықтық реттелуі шарт. Әрине, сайлау құқықтарының кепілдіктерінің негізгі, көпшілік бөлігі сайлау заңнамасымен реттеледі, реттелуі керек те, алайда оларды, яғни азаматтардың сайлау құқықтарының толықтай іске асуын қамтамасыз ететін жағдайларды, амал-әдістерді құқықтық реттелумен шектеу шарт емес. Әрі оларды толық көлемде құқықтық реттеу мүмкін де емес. Мәселен, сайлау құқықтарының экономикалық, саяси кепілдіктерін, идеологиялық кепілдіктерін. Сайлау құқықтарының кепілдіктерін тек құқықтық реттелумен байланыста анықтау оның мәнін толық ашпайды, мақсатына толық жауап бермейді деп есептейміз. Себебі, сайлау құқықтарының кепілдіктерінің тағайымының өзі, мақсаты – азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің сайлау процесі барысында туындайтын құқықтарының іске асырылуына, бұзылмауына қажетті орта, жағдай жасау болып табылады деп айтуға болады. Тиісінше, сайлау құқықтарының кепілдіктерінің құқықтық тұрғыда бекітілуі сайлау құқықтарының практикада тиісінше жүзеге асуына кепілдік бермейді. Азаматтардың сайлау құқықтарының заңнамада бекітілгендей еркін, теңдей негізде жүзеге асырылуы басқа жағдайларға да байланысты. Мысалы, мемлекеттің экономикалық жағдайына, саяси тұрақтылық жағдайына, т.б. Оны ғалым Л.Д. Воеводиннің жалпы құқықтар мен бостандықтардың кепілдіктерін конституциялық құқықтар мен бостандықтарды іске асыру «жағдайлары» және «құралдары» деп екі топқа бөліп қарайтын көзқарасынан байқауға болады. Ол «кепілдіктердің бірінші тобы негізгі құқықтар мен бостандықтарды пайдалану және міндеттерді орындау үшін қолайлы орта, жағдай жасауға бағытталған» деп көрсетеді. Ал конституциялық құқықтар мен бостандықтарды іске асырудың «құралдары» ретінде тиісті ғалым жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қамтамасыз ету амалдарын, тәсілдері мен әдістерін қарастырады және олардың (кепілдіктердің екінші тобының) мемлекет органдарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, қоғамдық бірлестіктерді, азаматтардың

өздерін негізгі құқықтар мен бостандықтарды тиісінше жүзеге асыру үшін күресте тиімді құралдармен қамтамасыз ететіндігін көрсетеді (Воеводин 1997: 229). Тиісті ғалымның бірінші топтағы кепілдіктердің неге бағытталғандығын анықтайтын көзқарасынан кепілдіктердің құқықтық реттелуінің міндетті болып табылмайтындығын әрі олардың толықтай реттелуінің мүмкін еместігін де байқауға болады. Себебі, негізгі құқықтар мен бостандықтарды пайдалану және міндеттерді орындау үшін қолайлы орта, жағдай жасау құқықтық реттелуге жатпайтын жағдайларды да қарастырады (м/ы бейбіт өмір, мемлекеттегі саяси тұрақтылық, мемлекеттің экономикалық жағдайы, ...). Келесі ғалым М.С. Матейкович Л.Д. Воеводиннің атап көрсеткен кепілдіктерін нақты сайлау құқықтарына қатысты қарастыра отырып сайлау құқықтарын іске асыру «жағдайларына», яғни кепілдіктердің бірінші тобына экономикалық, әлеуметтік, саяси, ақпараттық кепілдіктерді кіргізеді әрі бұл кепілдіктерді тек азаматтық қоғам қалыптасып, оның институттары нығайтылған кезде ғана, сондай-ақ әлеуметтік әділеттілікті, бәсекелестікті қамтамасыз ету мақсатында және отандық тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілердің мүдделерін қорғау мақсатында экономиканы мемлекеттік реттеу күшейтілген кезде ғана құруға болатынын көрсетеді. Ал, сайлау құқықтарын іске асыру ... «құралдарына» құқықтық нормалармен бекітілген сайлау құқықтарын жүзеге асыру және қорғау процедуралары, яғни заңи кепілдіктер жатады, – деп жазады ол (Матейкович 2003: 34-35). Көріп отырғанымыздай, тиісті ғылыми көзқарас та сайлау құқықтарының кепілдіктерінің – сайлау құқықтарын іске асыру «жағдайларының» толықтай құқықтық реттелуінің мүмкін еместігін байқатады. Ол тек кепілдіктердің екінші тобын ғана, яғни сайлау құқықтарын іске асыру «құралдарын» ғана құқықтық реттелумен байланыстырады.

Сайлау құқықтарының кепілдіктері сайлау құқықтарын жүзеге асырумен қоса оны қорғаудың қалыптасқан, тұрақты қызмет ететін механизмін байқатады. Жалпы, сайлау құқықтарының кепілдіктері азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің сайлау барысында туындайтын құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға, қорғауға, оларды түрлі құқық бұзушылықтардан сақтауға арналған әлеуметтік-экономикалық, саяси, құқықтық, материалдық, ұйымдық, т.с.с. жағдайларды, құқықтық амал, әдістерді білдіреді. Айта кететіні, сайлау

құқықтарының кепілдіктері – сайлау еркіндігін, сайлау құқықтарының іске асырылуы мен бұзылмауын қамтамасыз ететін жағдайлар дербес, жеке оқшауланған түрде тиімді әрекет етпейді, яғни өздерінің тағайымын толық орындамайды. Олар өзара байланыста болып, бір-бірін толықтырып бірыңғай тетік ретінде әрекет еткен жағдайда ғана тиімді, нәтижелі болмақ. Себебі, сайлау құқықтарының кепілдіктері тек өз жиынтығында ғана сайлаулардың заң негізінде әділ өтуі үшін қажетті ортаны қалыптастырады.

Әр мемлекет өзінің заңнамасында белгілі бір дәрежеде сайлау құқықтарының кепілдіктерін бекітеді. Қазақстан Республикасы Конституциясында, республикамыздың конституциялық заңнамасында азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтары мен бостандықтарының біршама кепілдіктері бекітілген. Көрші Ресей мемлекетінде азаматтардың сайлау құқықтарының кепілдіктерін реттеуге арналып тұтастай заң – «Об основных гарантиях избирательных прав и права на участие в референдуме граждан Российской Федерации» федералдық заң қабылданған. Бұл актіде РФ азаматтарының сайлау құқықтарының сан алуан түрлі кепілдіктері қарастырылған. Тиісті заңға берілген ғылыми-практикалық түсіндірмеде (2 бабының 11) тармақшасына) мұндай кепілдіктердің алуан түрлілігі ең алдымен, азаматтардың сайлауларға қатысты құқықтарының көптігімен негізделетіндігі көрсетілген және негізгі кепілдіктердің пәні болып азаматтардың сайлауларға байланысты келесі құқықтары табылатындығы қарастырылған: сайлауларды тағайындауға байланысты құқықтар; сайлау инфрақұрылымын қалыптастыруға (сайлаушыларды тіркеуге және сайлаушылар тізімін жасауға, сайлау округтері мен сайлау учаскелерін ... құруға, сайлау комиссияларын қалыптастыруға) байланысты құқықтар; кандидаттарды ұсынуға ... , сайлау туралы ақпаратты алуға және таратуға байланысты құқықтар; дауыс беру процесіне, дауыс беру қорытындыларын анықтауға және сайлау туралы заңдардың бұзылуына шағым жасауға байланысты құқықтар (http://cikrf.ru/law/federal_law/comment/st2.php).

Өзінің маңыздылығына қарай сайлау құқықтарын жүзеге асыру кепілдіктері сайлау институтының аса қажетті, құнды элементі болып табылады. Кезінде «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердегі демократиялық сайлаудың, сайлау құқықтары мен бостандықтарының стандарттары туралы» Конвенцияда демократиялық сайлаудың

стандарттарының бірі болып сайлау процесіне қатысушылардың сайлау құқықтары мен бостандықтарын іске асыру кепілдіктерінің табылатындығы реттелген болатын (В.И. Лысенко 2008: 100).

Бүгінде сайлау институтының мемлекеттің, мемлекеттік биліктің заңдылығының, халық билігінің негізгі көрсеткіші болып танылуының нәтижесінде сайлау құқығы азаматтардың негізгі құқығы ретінде танылып, мемлекет тарапынан түрлі жағдайлармен (саяси, құқықтық, материалдық, т.б.) кепілдендіріліп отыр. Бұл қажет те, маңызды. Себебі, биліктің заңдылығы (легитимділігі) үшін азаматтардың сайлау құқықтарының қағаз жүзінде бекітіліп қана қоймай, ол құқықтардың практикада шынайы іске асырылуы Қазақстанның шынайы демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде орнығуы үшін маңызды. Олай болса, «сайлау құқықтарын қоса жалпы адам құқықтарын қорғау, азаматтардың лайықты өмір сүріп, байрақты тұрмыс кешуіне, мемлекетті басқару ісіне қатысуына кепілді қалыптастыру тәуелсіз Қазақстанның алдына қойған асыл мұраты, міндеті болуы керек» (Умбетов 2016: 32).

Қазақстан Республикасы егемендік алып, тәуелсіздігін жариялағалы бері азаматтардың сайлау құқықтары мен бостандықтарын қорғау, кепілдендіру саласында біраз қадамдар жасады. Бұл Қазақстанның өз азаматтарының мемлекеттік билікті жүзеге асыруға тікелей, оның ішінде сайлау арқылы және өздері еркін сайлауда сайлаған өкілдері арқылы қатысу құқығын құрметтейтінін, ол құқықтардың шынайы жүзеге асырылып, бұзылмауына мүдделік танытатынын көрсетеді. Оның басты себебі: әділ сайлаулар барысында білдірілетін азаматтардың қалауы, еркі мемлекеттік өкіметтің заңдылығының негізі болып табылады.

Қорытынды

Біз мақала мазмұнында сайлаудың мәнін ашып, мемлекеттің саяси өмірінде алатын орнын көрсету арқылы шынайы демократиялық мемлекетте оның өте маңызды, құнды институт болып табылатындығын негіздедік. Сайлау институтының мемлекет өмірінде алатын орны ерекше. Саяси жүйеде оны анықтаушы фактор ретінде бағалауға болады. Себебі, азаматтардың сайлау құқықтарының мемлекет өміріндетұрақты орнығып, шынайы жүзеге асырылуы мемлекетте келесі институттар мен құндылықтардың орныққандығын анықтайды – халықтың (ерік

білдіруші азаматтардың) көпшілігінің еркінің мемлекет саясатын белгілеуде анықтаушы болып табылатындығы (халық билігі институты); адам құқықтары мен бостандықтарының (мүдделерінің) мемлекет мүдделерінен басымдығы; мемлекеттің адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мойындауы; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау нысанының көптігі; мемлекеттің олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету міндеті; азаматтардың тең құқықтылығы, биліктің заңдылығы.

Алайда, мемлекеттік биліктің толықтай заңды болып табылуы үшін, азаматтардың сайлау құқықтарының мемлекет өмірінде тұрақты

орнығып, шынайы жүзеге асырылуы үшін сайлаудың заңдылығы мен шынайылығының, сайлау құқықтарының іске асырылуының кепілдіктерін жасап, оларды түпкілікті орнықтырып, үнемі жетілдіріп отыру қажет. Себебі, сайлау құқықтарының кепілдіктері сайлау институтының шынайылығының алғышарты, оның ажырамас элементі болып табылады. Сайлау құқықтарының іске асырылуын, бұзылмауын қамтамасыз ететін кепілдіктер жүйесі жасалған жағдайда халықтың шын мәнінде биліктің бірден-бір бастауы болып табылатындығы туралы, сайлаудың өзінің тағайымына толық сай келетіні туралы айтуға болады.

Әдебиеттер

Буравченко И.Л. Конституционно-правовой статус избирателя в Российской Федерации: автореф. дисс. канд. юрид. наук: 12.00.02 / Буравченко Ирина Леонидовна. – М., 2010. – 26 с.

Воеводин Л.Д. Юридический статус личности в России: учебное пособие. – М.: Издательство МГУ, Инфра М – Норма, 1997. – 299 с.

Gonçalves Figueiredo, Hernán. Observing Electoral Justice Systems: A MANUAL FOR OAS ELECTORAL OBSERVATION MISSIONS. – Washington, 2006. – 48 p., ISBN 978-0-8270-6913-8 // <http://www.oas.org/es/sap/deco/Pubs/Manuales/Observing-Electoral-Justice-Systems-a-Manual-for-OAS-Electoral-Observation--Missions.pdf>

Документы и материалы / Отв. ред. доктор юридических наук, заслуженный юрист Российской Федерации В.И. Лысенко. – М.: РЦОИТ, 2008. – 528 с.

J. Kenneth Blackwell and Kenneth A. Klukowski. The Other Voting Right: Protecting Every Citizen's Vote by Safeguarding the Integrity of the Ballot Box // *Yale Law & Policy Review*. Volume 28, Issue 1 (2009). 107-123 p.

Конституционный закон Кыргызской Республики «О выборах Президента Кыргызской Республики и депутатов Жогорку Кенеша Кыргызской Республики» от 2 июля 2011 года № 68 // <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/203244>

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 конституциялық // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464>

Матейкович М.С. Защита избирательных прав граждан в Российской Федерации: проблемы теории и практики: автореф. дисс. докт. юрид. наук: 12.00.02 / Матейкович Максим Станиславович. – Саратов, 2003. – 59 с.

Научно-практический комментарий к Федеральному закону «Об основных гарантиях избирательных прав и права на участие в референдуме граждан Российской Федерации». – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://cikrf.ru/law/federal_law/comment/st2.php

Бобкова В.А. Политология: учебник для вузов. / Под ред. чл.-корр. НАН В.А. Бобкова, проф. И.Н. Браима. – Минск: Интерпрессервис, 2003. – 352 с.

Политология: учебное пособие. – Ставрополь. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://all-politologija.ru/knigi/politologiya-uchebnoe-posobie/vybory-kak-politicheskij-institut>

R. Paul Margie. Protecting the Right to Vote in State and Local Elections under the Conspiracy against Rights Act. // <https://chicagounbound.uchicago.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1193&context=uclf>

Токвиль Алексис де. Демократия в Америке: Пер. с франц. / Предисл. Гарольда Дж. Ласки. – М.: Прогресс, 1992. – 554с.

Умбетов М.Н. Қазақстан Республикасында халықаралық деңгейде адам құқығын қорғау // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. – 2016. – №2 (78) – Б.30-36.

References

Buravchenko I.L. Constitutionno-pravovoi status izbiratelya v Rossiiskoi Federacii: avtoref. dis. cand. jurid. nauk: 12.00.02 / Buravchenko Irina Leonidovna. [Constitutional and legal status of a voter in the Russian Federation: avtoref. dis. kand. the faculty of law. Sciences: 12.00.02]. М., 2010. 26 p.

Bobkova I.N. (2003) Politologia. Uchebnic dlya vuzov. Minsk: Interpresservis. [Political science. Textbook for universities. Minsk: Interpresservis] – 352 s.

Constitutionnyi zakon Kyrgyzskoi Respublicy «O vyborov Prezidenta Kyrgyzskoi Respublicy I deputatov Zhogargu Cenesha Kyrgyzskoi Respublicy» ot 2 ijulya 2011 goda № 68 [Constitutional law of the Kyrgyz Republic “On elections of the President of the Kyrgyz Republic and deputies of the Jogorku Kenesh of the Kyrgyz Republic” dated July 2, 2011 No. 68] // <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/203244>

Dokumenty I materialy / Otv. red. doktor juridicheskikh nauk, zasluzhennyj jurist Rossiiskoi Federacii V. I. Lysenko.– M.: RCOIT. [Documents and materials / Resp. edited by Doctor of Legal Sciences, honored lawyer of the Russian Federation V. I. Lysenko. – Moscow: RTSOIT] 2008. 528 p.

Gonçalves Figueiredo, Hernán. Observing Electoral Justice Systems: A MANUAL FOR OAS ELECTORAL OBSERVATION MISSIONS. Washington, 2006. 48 p., ISBN 978-0-8270-6913-8 // <http://www.oas.org/es/sap/deco/Pubs/Manuales/Observing-Electoral-Justice-Systems-a-Manual-for-OAS-Electoral-Observation--Missions.pdf>

J. Kenneth Blackwell and Kenneth A. Klukowski. The Other Voting Right: Protecting Every Citizen's Vote by Safeguarding the Integrity of the Ballot Box // Yale Law & Policy Review. Volume 28, Issue 1 (2009). 107-123 p.

“Qazaqstan Respublicasyndagy sailau turaly” Qazakhstan Republicasynyn 1995 zhylgy 28 qyrkiektegi N 2464 constitutiolyk zany [Constitutional law of the Republic of Kazakhstan dated September 28, 1995 N 2464 “On elections in the Republic of Kazakhstan”] // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464_

Mateikovich M. S. Zashhita izbiratel'nyh prav grazhdan v Rossiiskoi Federacii: problemy teorii I praktiki: avtoref. dis. dokt. jurid. nauk: 12.00.02 / Mateikovich Maxim Stanislavovich. [Protection of electoral rights of citizens in the Russian Federation: problems of theory and practice: Avtoref. dis. doctor. the faculty of law. Sciences: 12.00.02 / Mateikovich Maxim Stanislavovich]. Saratov. 2003. 59 p.

Nauchno-practichescii commentarii c federal'nomu zakonu «Ob osnovnyh garantiyah izbiratel'nyh prav i prav na uchastie v referendum grazhdan Rossiiskoi Federacii». [Scientific and practical commentary on the Federal law “On basic guarantees of electoral rights and the right to participate in a referendum of citizens of the Russian Federation”.] – [Elect. resurs]. http://cikrf.ru/law/federal_law/comment/st2.php

Politologia: Uchebnoe posobie. [Political science: A training manual.] Stavropol. [Elect. resurs]. <https://all-politologija.ru/knigi/politologiya-uchebnoe-posobie/vybory-kak-politicheskij-institut>

R. Paul Margie. Protecting the Right to Vote in State and Local Elections under the Conspiracy against Rights Act. // <https://chicagounbound.uchicago.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1193&context=uclf>

Tokvil Aleccis de. (1992) Demokratiya v Americe: Perevod s franc. / Predisl. Garolda Dzh. Laski. [Democracy in America: Translated from French. / Foreword By Harold J. Lasky.] M.: Progress. 554 p.

Umbetov M.N. Qazaqstan Respublicasynda halyqaralyq dengeide adam quqygyn qorgau // QazYU Habarshysy. Zan seriyasy. [Protection of human rights at the international level in the Republic of Kazakhstan // the Bulletin of KazNU. Legal series.] Almaty: Qazaq Universiteti. 2016. No. 2 (78). Pp. 30-36.

Voevodin L.D. (1997) Juridichescii status lich'nosti v Rossii. Uchebnoe posobie. [Legal status of a person in Russia. Textbook.]. M.: Izdatel'stvo MGU, Infra – M – Norma, 1997. 299 p.

Assembly of the Council of Europe “on the role of the public prosecution service in a democratic society based on the rule of law” of 27 may 2003 URL: <http://www.assembly.coe.int/ASP/XRef/X2H-DW-XSL.asp?fileid=17109&lang=EN>

Recommendation RES (2000) 19 of the Committee of Ministers to member States “on the role of public prosecution in the criminal justice system” On October 6, 2000, the Committee of Ministers held the 724th meeting of the Deputy Ministers of UKRAINE: <https://wcd.coe.int/ViewDoc.jsp?id=376859&Site=COE&BackColorInternet=C3C3C3&BackColorIntranet=EDB021&BackColorLogged=F5D383>

Ramazanova A. Mediation in criminal proceedings//<https://www.zakon.kz/4663520-mediacija-v-ugolovnom-processe-a..html>
Explanation of the Supervisory judicial Board of the Supreme court of the Republic of Kazakhstan from 16.01.2015// SI “Paragraph” / www/http://online.zakon.kz

Order of the President of the Supreme Court on the transition of simplified written proceedings to electronic format // SI “Paragraph” / www/http://online.zakon.kz

Judicial system of Kazakhstan: Proposals for совершенствованию//<https://newtimes.kz/obshchestvo/71751-sudebnaya-sistema-kazakhstana-predlozheniya-po-sovershenstvovaniy>

Meeting on the modernization of the judicial system under the chairmanship of the head Of state государства//<http://www.akorda.kz/ru/events/soveshchanie-po-voprosam-modernizacii-sudebnoi-sistemy-pod-predsedatelstvom-glavy-gosudarstva>

The judicial system of the Republic of Kazakhstan is waiting for reform/ / <https://kursiv.kz/news/vlast-i-biznes/2018-01/sudebnuyu-sistemu-rk-zhdut-reformy>
<https://news.mail.ru/politics/15211342/>